



# Жалағаш

## Жаршысы



№73 (9960)  
16 қыркүйек  
сенбі  
2023 жыл  
Газет  
1934 жылғы  
10 қаңтардан  
бастап шығады.

### Сапар

## Серіктестік жұмысында серпін бар

ҚР АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРІ АЙДАРБЕК САПАРОВ ЖАЛАҒАШ АУДАНЫНА ЖҰМЫС САПАРЫМЕН КЕЛДІ. САПАР БАРЫСЫНДА ТАҢ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНДЕГІ «АГРОЛИДЕР ТАҢ» ЖШС-НЫҢ ЕТ ӨНДЕУ ЦЕХЫНЫҢ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ.

Таң ауылдық округіндегі «Агролидер Таң» ЖШС-ның ет өңдеу цехы 2018 жылы іске қосылған. Цех қазіргі таңда тәулігіне 0,5 тонна ет өндіріп, 15 түрлі ет өнімдерін шығарып, айына 15 тонна өнім облыс тұрғындарына тиімді бағада ұсынуда. Цехта 8 адам тұрақты жұмыс жасайды. Отандық өнім өндіруді қолға алған нысанның бүгінде шаруасы ширақ.

Сондай-ақ Ауыл шаруашылығы министрі «Таң ЛТД» ЖШС-ның күріш ақтау зауытымен танысты. Күріш ақтау цехы 2018 жылы іске қосылды. Жаңа нысан қазіргі таңда тәулігіне 100 тонна күріш салысын ақтайды. Цехта 15 адам тұрақты жұмыс жасайды. Ауылдың тынысымен таныс болған Айдарбек Сапаров елді мекендердегі жеке кәсіпкерлердің ауыл-

ды гүлдендіріп, халықты тұрақты жұмыспен қамтуда үлкен мүмкіндіктер жасап жатқанын ризашылықпен айтып, Сыр өңіріндегі серпінді істердің дәнекері болып жүрген облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың жұмысына сәттілік тіледі. Дикан қауымның күзгі еңбекті шашпай жинап алуына тілекші екенін жеткізді.

Айта кетейік, Таңның екінші тынысын ашып, тәуелсіздік жылдары түлеуінде «Таң ЛТД» ЖШС төрағасы, Қызылорда облысының құрметті азаматы Имамзада Шағыртаевтың өзіндік қолтаңбасы бар. Мәселен осы күнге дейін аталған серіктестіктің қолдауымен ауылда жалпы құны 701 млн теңгенің бірнеше жобасы жүзеге асқан. Бастысы, бүгінде олардың барлығы қарапайым халықтың қажетіне жарап тұр.

Серіктестіктің жеке қаражаты есебінен 2016 жылы ауыл мешітіне жөндеу жұмыстары жүргізілді. Бұл мақсатқа төраға 5 млн теңге қаражат бөлді. Мұнан кейін 2018 жылы мемлекеттік жекешелік әріптестік аясында «Таң бөбегі» бөбекжайын қайта жаңғыртты. Бұл мақсатқа кәсіпкер 300 млн теңге



қаражат құйды. Қазіргі таңда онда 90 бала тәлім алуда.

Кәсіпкер дәл осы жылы мемлекеттік жекешелік әріптестік аясында спорт көшенің құрылысын бастады. Жалпы құны 56 млн теңгені құрайтын бұл нысан бүгінде ауыл жастарының қажетіне жарап тұр. Ал сала министрі жұмысымен танысқан ет өңдеу цехының жалпы құны 150 млн теңгені құрайды.

Ауылда соңғы жылдары жүзеге асқан көптеген жобаның түбін түртсең, оның бастауына Имамзада Шағыр-

таевтың сеп болғанын аңғарсаңыз. Ұлы Отан соғысында қаза тапқан ардагерлерге арналған ескерткіш құрылысына да іскер азамат 40 млн теңге қаражат жұмсаған. Ал ауылдық округ бойынша көшелерді жарықтандыруға Имамзада Шағыртаев 50 млн теңге қаржы бөлді. Жергілікті тұрғындарды әлеуметтік қамсыздандыру бойынша атқарылған жұмыстарға ол 100 млн теңге жұмсаған.

Былыр серіктестік дикандары күршілтің әр гектарынан 65 центнерден орташа өнім алған. Шаруашылық

биыл да жоғары көрсеткішке қол жеткізуді жоспарлап отыр.

Серіктестік тек күріш егіп қана қоймай жоңышқа да өндіріп келеді. Биыл 104 гектар бидай, 343 гектар жаңа жоңышқа егіп, 351 гектар ескі жоңышқа дақпылын күтімге алған. Онда 115 адам тұрақты жұмыс істейді. Серіктестік жыл сайын жоғары өнім алып, аудан, облыс көлемінде биік белестерді бағындырып келеді.

«ЖЖ» ақпарат



### Бағдарлама игілігі



## 256 жас кәсіпкер өз ісін бастаған

Мемлекет басшысының жас кәсіпкерлерге пайыздық устемақысы 2,5 пайыз жеңілдетілген несие беру туралы тапсырмасын жүзеге асыру мақсатында тиісті салалық министрлікпен кредиттік шарт жасалды.

Соның арқасында Сыр өңіріне 1 млрд 285 млн теңге қаржы тартылып, 256 жас кәсіпкер өз кәсібін бастауға мүмкіндік алды.

Аймақта несиеге сұраныс жоғары болуына байланысты биылға республикадан қосымша 1 млрд теңге қаржы тартылды. Нәтижесінде жұмыспен қамтылған халық саны 331,6 мыңнан 333,4 мыңға дейін артып, жұмыспен қамтуға бөлінген қаржы 3,7 есеге, яғни 4,1 млрд теңгеден 15,2 млрд теңгеге өсті.

Облыс бойынша жұмыссыздық деңгейі 4,9 пайыз деңгейінде тұрақтап, жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 4 пайыздан 3,5 пайызға дейін төмендеген.

Айта кетейік, республика бойынша бұл көрсеткіш 4,1 пайызды құрайды.

«ЖЖ» ақпарат

### Егінжай – 2023

## Егін даласындағы қызу еңбек

Жуырда Бұқарбай батыр ауылындағы «Байтабын» шаруа қожалығына жолымыз түсті. Ешқайда бұрылмай, түзу жолмен шаруашылық қырманына кіріп бардық. Қырман басында біршама қызу жұмыс жүріп жатыр. Бізді шаруашылықтың бас агрономы Сұлтанбек Үсейінов күтіп алып, биылғы егін шаруасы жайлы сөз етіп, қырмандағы тірлікпен таныстырды.

Жандос ЖАЗКЕН

Қырман басында жұмысшылар заманауи аппарат арқылы жоңышқадан тұқым дайындап жатыр екен. «Пиктус» деп аталатын германиялық аппарат күніне 1 тоннадан астам тұқым өзірлейтін көрінеді. Қырманда дәл осындай күріш тазалайтын заманауи аппарат та бар. Ол күніне 90-95 тонна тұқым дайындауға қауарлы. Германиялық алып аппарат 2018 жылы 48 млн теңгеге сатып алынған. Осы аппаратты алғалы мұндағы өнімге сұраныс артып, шаруашылық шаруасының ширауына айтарлықтай қолғабыс болған.

Былыр құрштан орташа өнімнің өзі жаман болған жоқ. Нақтырақ айтсақ, орташа өнім 80 центнерден болды. Биыл да сол межеге жетеміз деген үміттеміз. Құрштан бөлек мал азығы есебіне 780 гектар жерге жоңышқаны да күтімге алдық. Оның ішінде 580 гектары ескі болса, қалғаны жаңа жоңышқа. Бұл бір жағынан жерді тыңайтуға да оң әсерін тигізеді. Әрине соңғы жылдары су тапшылығының мәселесі

шаруаларды титықтатып тұр, десе де қол қусырып отырмай, бұл мәселемен де күресудеміз. Биыл егістікке 3 насос орнаттық. Шүкір, Сыр салысының шығымы жаман емес, алғашқы орақты 1 қыркүйекте салдық, жаппай орақ салу науқаны 7 қыркүйекте басталды. Енді науқан жұмыстарын абыроймен аяқтап, келер жылдың да жоспарлы жұмысына қадам басамыз. Бастысы, өткен еңбек далаға кеткен жоқ, соған шүкір дейміз. Межелі өнімге қол жеткізбесек, одан төмен астық жинамайтын сияқтымыз, – дейді Сұлтанбек Үсейінов.

Иә, өне-міне дегенше бөрекелі күз мезгілі де табалдырықтан аттап, алтын дәннің тау-тау болып қамбаға құйылар сәті де келіп қалды. Егін піскен уақыт – дикандардың ала жаздай төрлеген еңбегінің өтелер шағы. Күнге күйіп, аңыз-зақ желге беті қақталып, алғашқы орақтың басталар шағын, еңбегінің өтелер сәтін асыға күтетін шаруалардың ендігі мақсаты – ысырапсыз ырысын жиіп алу.



Осылайша Сұлтанбек ағамен бірге біз де егін даласына жол тарттық. Түскі уақытта барыппыз, егін даласында Сыр салысын орауға беттелген даланың алып кемесіндей комбайн атызға түсуге сақайды сай тұр. Ал шаруа адамдары түскі демалысқа шығыпты.

Былыр 1280 гектарға жуық алқапқа дән сепкен шаруашылық биыл да 1300 гектар жерге «Лидер» сурыпын еккен. Ең бастысы, науқанды ойдағыдай өткізуге шаруашылық ұжымында айтарлықтай мәселе жоқ секілді. Себебі шаруашылық ұжымы түгелдей техникасын сайлап қойған. Алқапта ескі техника атауымен жоқ. Барлығы қазіргі үлгідегі озық технологиялар. Механизаторлар мен комбайншылардың жүзінде шаршаңқы кейіп болмауының да сыры осында болар, сіре деп пайымдадым.

Көліктен түсе сала шаруа адамдарымен аман-саулық сұрасып, сол жердегі бригадирді өңіміне тарттық. Сөйтіп Сыр салысының бүгінгі тынысы жайлы екеуара диалог өрбіді. Десе де осы салада 20 жылдық тәжірибесі бар бригадирдің өңіміне шорқақтығы көрінді, яғни сөздің емес, істің адамы екені байқалып тұрды.

– Суды ең көп қажет ететін өнімнің бірі де бірегейі – күріш. Тіпті жерге себілгеннен жинап алғанша суда жатады десең, қателеспеймін. Рас, суды ауыстырып тұратын уақыттар болады. Бірақ негізгі қорегі де осы

екенін ескерсек, жылдан-жылға күрделеніп отырған аяқ су мәселесінің бізді алаңдатып отырғанын жасыра алмаймыз. Дегенмен биыл күршілтің шығымы жақсы, шүкір дейміз. Жалпы, біздің бригадада биыл 500 гектар жерге күріш дақпылын септі, былыр да осы межеде егін өтті. Орташа өнім 72 центнерді құрады. Қарамағымда 30 адам жұмыс істейді, оның 15-і – сушы. Жаман емес, барлық жағдайымыз жасалған, айлық уақытылы, науқан аяқталғанда ынталандыру сыйлықтары мен ақшырып қолдау да жасалады. Тек қол қусырып жатпай, еңбек етсең болғаны, – дейді бригадир Болат Әлжанов.

Шаруашылық бүгінде 120-ға жуық ауыл тұрғынын жұмыспен қамтып отыр. Үш өндіріс бригадасы биыл науқанды оң нәтижемен қорытындылауға еңбек етіп жатыр. Техникадан да мәселе жоқ. Себебі шаруашылық базасы толық заманауи соңғы үлгідегі техникалармен жарақталған. Ал мұның еңбек өнімділігіне де оң әсері болатыны айтпаса да белгілі. Сондай-ақ ауыл тұрғындары мен шаруашылық қызметкерлеріне арнап, шаруа қожалық бау-бақша дақылдарын егуге арнайы жер де ашылты. Сол арқылы тұрғындар өздерінің қыстық азығын жинап, берекесін келтіріп отыр.


Иә, айта берсең, шаруашылықта тың жаңалықтар жетерлік. Осылайша біз де «Байтабын» шаруа қожалығының бүгінгі тынысымен танысып, дала дарабоздарына сәттілік тілеп, кентке қайттық.

## Аңдатпа 4 →

### Батаменен ел көгерер



Сұхбат



«Ауыл аманаты»: 7 жоба қолдау тапты

«Алдағы үш жыл ауылдық аймақтарды барынша дамытуға арналады. Ауылдағы тұрмыстың қаладағы сияқты жайлы болуына күш саламыз. Ауылдық жерлерді дамытудың кешенді жұмырдамасы қабылданады. Бүкіл елімізде ауыл шаруашылығы кооперативтері құрылады. Ауыл шаруашылығы саласында 350 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылады. Жалпы, кооперативтерді дамыту үшін бюджеттен 1 триллион теңгеден астам қаражат жұмсалады» деген мақсат-міндет қойды ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев. Иә, осы орайда ауылдық елді мекендердің дамуына демеу болатын «Ауыл аманаты» жобасы туралы естігенде қуанбаған ауыл тұрғыны кемде-кем шығар. Ауылдағы ағайынның өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған жобаның басталғанына көп болмаса да бүгінде тиімді несиенен үміттері қатары көп секілді. Қалың жұрттың ойы – ертерек құжаттарын өткізіп, несиені тездетіп алу. Осы орайда ауыл тұрғындары тарапынан аталған жоба аясында туындаған сұрақтарға жауап іздеу және жобаның ауданда іске асырылу барысымен танысу мақсатында аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы Жасұлан Еспенбетпен сұхбаттасқан едік...

– Жасұлан Ерданұлы, «Ауыл аманаты» жобасы бойынша құжаттар қабылдау қашан басталды?

– «Ауыл аманаты» жобасына құжат қабылдау 2023 жылдың шілде айынан басталды. Бүгінде жоба аясында құжаттарды қабылдау, комиссия отырысы секілді жұмыстар жүруде.

– Бүгінге дейін аудан бойынша қанша жоба қабылданды?

– Аудан көлемінде 28 жоба қабылданды. Оның ішінде 7 жоба қолдау тауып, 1 жоба мақұлданды. Қалған 20 жобаның құжаттары дайындалып жатыр.

– Усынылған жобалардың қаншасы қай бағыттағы кәсіп түрі?

– Негізінен «Ауыл аманаты» жобасы бойынша қаржыландыру бес бағыт бойынша жүргізіледі деп жоспарлануда. Бірінші өңдеу саласына қатысты жобалар, мысалы, жылжымайлар, сүт, ет өндірісі, құс және балық шаруашылығы, екінші өсімдік шаруашылығын дамыту, үшінші ауыл шаруашылығы кооперативтерін жабдықтау, төртінші мал шаруашылығын дамыту бойынша және басқа да бағыттағы бизнес жобалар болып табылады. Ауданымызда өңдеу саласы бойынша 4 жоба, асыл тұқымды мал алу бойынша 11 жоба, өсімдік шаруашылығы саласы бойынша 3 жоба, басқа да бизнес жобалар шеңберінде 4 жобамыз бар.

– Дайындалған жобалардың қаншасы ауылдық елді мекендерге тиесілі?

– Жобаның өзі айтып тұрғандай, несиені тиімділердің басым көпшілігі

ауылдық елді мекен тұрғындары. Нақтырақ айтсақ, 18 жоба ауылдық елді мекендерге тиесілі.

– Қай елді мекендерде бағдарлама шеңберінде құжаттар өткізуде белсенділік бар, қай ауылдар төмен деңгейде?

– Бір қуантарлығы, бүгінде әсіресе ауыл азаматтарының көсіп ашуға ынтасы басым. Мәселен, бағдарлама шеңберінде құжаттар өткізу белсенділігі жоғары ауылдар Есет батыр, Аққұм, Таң, Мақпалкөл ауылдары болса, төмен деңгейдегі елді мекендер М.Шәменов, Мырзабай ахун, Мәдениет ауылдары. Белсенділік төмен деңгейдегі ауылдарда біздің тараптан қосымша түсіндірме жұмыстары күшейтілуде.

– «Ауыл аманаты» жобасы аясында қаржыландыруға ие болу үшін қандай талаптарды орындау қажет?

– Негізінен несиені алуға көп талап көрсетілмеген. Жобаға қатысуға жеткен адам өтініші бере алады. Бірақ ұсынылған бизнес жоспардың қажеттілігі, тиімділігі ескеріле отырып, шешім қабылданады. Мемлекеттік қолдау нәтижесінде бұл жоба қатысушыларына 2,5 пайызбен несиені беру көзделген. Егер мал шаруашылығын қолға алғыңыз келсе, 7 жылға, ал басқа кәсіпті нәсібіңізге айналыр болсаңыз, 5 жылға дейінгі мерзімге беріледі. Тек бір шарты бар. Қаржылай қолдауды алу үшін бірінші кезекте несиені тарихы дұрыс болуы қажет және кепіл мүлкі болуы шарт.

– Бағдарлама шеңберінде берілетін қаражаттың көлемі қанша?

– Жоба бойынша ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативтеріне 27 млн 600 мың теңге, жеке кәсіпкерлік субъектілеріне 8 млн 600 мың теңгеге дейін беріледі.

– «Ауыл аманаты» жобасы аясында 2,5 пайызбен несиенен ауданда қанша жоба қолдау тапты? Оның қаншасы ауылдық елді мекендерге тиесілі?

– Жоғарыда айтып өткенімдей, бүгінде аудан бойынша 7 жоба қолдау тапты. Оның ішінде Таң ауылынан 1 жоба, Еңбек ауылынан 1 жоба, Жаңа-талап ауылынан 1 жоба, Есет батыр ауылынан 2 жоба, Жалағаш кентінен 2 жоба облыстық комиссияда қаралып, 65,5 млн теңгеге қолдау тапты.

– Қолдау тапқан жобалардың қатарында мал шаруашылығынан бөлек кәсіптің басқа да түрлері бар ма? Ол жобалардың ішінде ауданда бұрынсоңды қолға алынбаған жобалар бар ма?

– Әрине бар. Қазір әсіресе жастар біздің ауданға тансық бизнес жобаларын ұсынып жатады. Әрине бұл тұрғындар арасында үлкен ізденіс бар екенін көрсетеді. Бұл бізді қуантады. Мәселен, жобалардың ішінде «Қап шығару цехы», «Жылыжай» кешеніне қатысты жобалар құжаттары ұсынылып, қолдау тапты.

– Жоба шеңберінде несиені өтеуі қай санаттағы азаматтарға беріледі?

– Жоба бойынша 18 жасқа толған және зейнеткерлік жасқа жетпеген жеке кәсіпкерлерге, кооперативтерге және кооператив мүшелеріне беріледі.

– Облыс бойынша бұл жобамен кәсіп бастаймын дегендерге жалпы құны қанша қаражат қаралады?

– Облыс бойынша биылға жалпы 3 млрд теңге қаражат қаралған. Алдағы жылдары қаржы көлемі көбейеді деп жоспарлануда.

– 2,5 пайызбен несиені үлестіретін бұл жоба бойынша түсіндірме жұмыстары жүріп жатыр ма?

– Иә, бағдарламаны іске асырудың маңыздылығы ең алдымен халықтың табысын арттыруға, сондай-ақ экономиканы әртарапандыру, кәсіпкерлікті дамытумен ұштасқан нәтижелі жұмыспен қамтуға бағытталғандықтан ауыл тұрғындарының жоба игілігін көруге бағыт-бағдар беру – біздің міндетіміз. Осы орайда бүгінде ауданда құрылған жұмысшы топ арқылы ауылдарды аралау жұмыстары жүргізіліп, бағдарламаның мақсат-мүддесін халыққа кеңінен түсіндіру мақсатында ақпараттық-түсіндіру бағытында іс-шаралар атқарылууда. Нақтырақ айтсақ, бүгінде көп және ауылдық округтер бойынша 28 кездесу ұйымдастырылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Нәтиже жамаан емес.

– Үміткерлер мақсатын айтса, жобасын дайындауға көмектесіңдер ме?

– Әрине көмектесеміз. Қазіргі таңда біздің бөлімі және «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының аудандағы филиалы, «Бизнес» арналған үкімет мекемесінің аудандағы мамандары бірлескен штаб құрып, жұмыс жасауда. Үміткерлерге бизнес жоспарына бастап барлық құжаттарының жиналуына сүйемелдеу жұмыстары жүргізіледі.

– Атап айтсақ ауданда кооператив құрылды ма? Құрылса, сол жоба жайында кеңірек тоқталсаңыз?

– Бұл бойынша өңірде ауқымды жұмыстар жүріп жатыр. Бүгінде аудан бойынша 13 кооператив құрылды. Кооперативтер бойынша 4 кооператив және 7 мүшесі басқа облыстан асыл тұқымды мал әкеліп, көбітуі бағытында құжаттарын жинақтап жатыр.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан Жандос МАХМҰТҰЛЫ

Мемлекеттік тіл – ұлттық құндылық

Мемлекеттік тілді өркендету – баршамызға міндет. Мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі ана тілді жан-жақты дамытуға негізделді. Қоғамда қазақ тілінің мемлекеттік дәрежесін нығайту ел саясатының басты бағыты болып табылады. Бүгінде мемлекеттік қолдау мүмкіндігі жоғары салаларда қазақ тілінің қолданыс аясы едәуір кеңейген.



Иә, әр адамның азаматтық қасиеті өз халқы, өзінің атамекенін қалай сүйеімен, өз ана тілін қалай білімімен өлшенбек. Әркімнің тілге деген құрметінен өз анасына, өз ұлтына, өз Отанына деген құрметін білуге болады. Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзетіні айтпаса да түсінікті.

Қазақ тілі – халқымыздың рухани байлығы, атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болған баға айтпес асыл мұра. Ана тілдің қасиеті туралы қанша айтсақ та таусылмайды. Азаматтың қолындағы барлық асыл заттары тозады, жоғалады, ал тіл – тозбайтын ең қымбат мұралардың бірі де бірегейі.

«Ана тілі дегеніміз – сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың баяғысына да, бүгінгісіне де, болашағына да танытатын, сол халықтың мәңгілігін айқындаушы басты құрал. Ана тілін тек өгей ұлдар ғана мәнсіздейді, өгей ұлдар ғана аяққа басады» деп Ғабит Мүсірепов айтқандай, елдің болашағын, тілдің болашағын сақтау – баршамызға міндет.

Қазіргі жаһандану кезеңінде еліміздің ақпараттық кеңістігін өлемдік стандарттарға сай кеңейте отырып, мемлекеттік тілді ұлттық қауіпсіздіктің маңызды бір нысаны ретінде жетілдіруді және қорғауды қамтамасыз еткеніміз абзал.

Қазақстан Мәңгілік Ел болудың дара жолына түсті. Еліміздің ең алдымен алдына рухани жаңғыру міндетін қойғаны да сондықтан. Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Осы тіліміздің халықаралық мәртебесін көтеру – өркениетке жетудің басты кепілі.

Тіл мәселесі күн тәртібінен түспейді. Бұл жөнінде Президент Жолдауларында, стратегиялық, бағдарламалық мақалаларында да кеңінен айтылып жүр. Жолдауларда мемлекеттік тіл саясатын дамыту мақсатында жаңа бағыт ұсынылып келеді.

Бұл әрбір қазақстандық үшін бүгінгі күннің талабына орай әр адамның тұлғалық дамуына септігін тигізеді. Десе де біз ана тілімізді ұмытпауға, оны таза әрі мәдениетті түрде қолдануға, мемлекеттік тіл саясатының жаңаша қарқынмен дамуына үлес қосуға тиіспіз. Бұл – біздің ұлт алдындағы, тәуелсіз ел алдындағы парызымыз.

Салтанат КӘЛМЕНОВА, АПБ-ның кадр саясаты тобының инспекторы, полиция капитаны

Жалағаш аудандық ардагерлер кеңесі мен кент ардагерлер кеңесі аудандық ардагерлер кеңесінің алқа мүшесі, ауданның Құрметті азаматы, Қызылорда облысының Құрметті ардагері Әсия Сауранбайқызына інісі

Қалмырза Сауранбайұлының

ауыр науқасты қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңілі айтады.

«Зейнептің» балалары зейінді

Балабақша барлық тәрбие мен білімнің ең алғашқы баспалдағы іспеттес. Мұндағы тәрбие мен білім балалардың табиғи мінезін, қабілетін ерте жастан дамытады. Бала – болашағымыз, қуанышымыз. Балабақша – келешек ел басқарар, жер-суына иелік етер, ел жерін гүлдендірер, мөрейн өсіріп, мәртебесін биіктетер жасампаз жандарды шыңдап, өмірдің ең басты сатысын қалайтын киелі уя.

Балабақша келер ұрпақты еңбекке, өнер-білімге, елінің ар-намысын қорғауға және ізгі адамгершілік ниеттерге баулиды. Сондай талаптарға сай үздік балабақшалардың бірі – аудандағы «Зейнеп» балабақшасы. Әрбір тәрбиешінің тынымсыз, адал еңбегінің, біліктілігі мен білімдерінің арқасында «Зейнеп» балабақшасы бүгінде жоғары жетістіктерге жетіп жүр.

Аталған балабақша 2015 жылы құрылған. Қазіргі таңда онда 2 топ жұмыс жасап, 50 бүлдіршін тәрбиеленуде. Балабақшада 12 қызметкер жұмыс жасайды. Әдіскер, екі тәрбиеші және олардың көмекшілері, медбике, шаруашылық меңгерушісі, аспазшы және оның көмекшісі, тазалықшы мен қарауыл бәрі-бәрі балалардың ертеңіне, қауіпсіздігіне қызмет етеді.

Балабақша ұжымы келешек ұрпақтың тәрбиелі болып өсу жолында аянбай еңбек етуде. «Үйрөнер нәрсең – білім мен мәйірімділік» деп Жүсіп Баласағұн айтқандай, тәрбиешілер ұжымы әрбір күнін үнемі шығармашылық ізденіс жолында өткізеді. Балабақша меңгерушісі Бақыт Сағидатованың айтуынша, мұнда мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы аясында оқу-тәрбие жұмыстары қазақ тілінде жүргізіледі.

– Балабаларға үш мезгіл ас беріледі. Қазіргі таңда балалар күнделікті толығымен келіп жатыр. Мұндағы тәр-

биешілер – жоғары білімді мамандар. Басқа балабақшадан ауысып келіп жатқан балалар да жетерлік. Бұл ұжымның нәтижелі жұмысының жемісі деп білемін. Осы уақытқа дейін аталғандар тарапынан ешқандай теріс пікір болған емес. Тәрбиешілеріміз жылдан-жылға өз білімдерін шыңдап, біліктіліктерін арттыруда. Жалпы стандартқа сай жұмыс толық өз деңгейінде атқарылып жатыр. Өздеріңіз білетіндей, балабақша-мызда 2 топ бар. 3 жаспен 4 жас аралығындағы ортаңғы топ «Балдырған» тобы деп аталады, 4 жас пен 5 жас аралығындағы ересек топ «Көгершін» тобы деп аталады. Әр топта 25 баладан бар. Жыл сайын жас ерекшеліктеріне қарай «Көгершін» тобына 15-16 баланы мектеп жасына толуына байланысты арнайы «Қош бол балабақшам» атты ертеңгілік ұйымдастырып, мектепке шығарып саламыз. Барлық тәлім-тәрбие, достық, сыйластық, мәйірімділік, жылулық осы балабақшадан бастау алады. Сондай-ақ айта кететін жайт, алдағы уақытта осы балабақшаның филиалын Ақсу ауылынан ашамыз деген үлкен жоспарымыз бар, – дейді, Бақыт Сағидатова.

Балалар – адамзаттың ертеңі, еліміздің үміті мен болашағы. Балабақша тәрбиешілері балаларға үздіксіз тәрбие мен білім беруде жаңартылған педагогикалық технологияларды кеңінен қолданып, сапалы

білім беруде барлық жағдай жасауға тырысады.

Жарық пен үйлесімділікке толы балабақша ұжымы өз тәрбиеленушілеріне тәлім беру жолында, балабақшаны жайлы және жылы үйге айналыту үшін аянбай еңбек етіп, көп күш, тәжірибе жұмсайды. Әріптесіміз екеуміз балабақша ауласына кіргеннен таза аула, ерекше ойын алаңдары мен көктемгі әрекет, күздегі бөрекет тақырыбы аясында өткізіп жатқан «Қош бол Жаз» атты ертеңгіліктің күесі болдық. Мұнда балалар жаз мезгілімен қоштасып, жеміс-жидектерден дайындалған шырындарды ажырату арқылы көңілді ойнайтын ойын, бойларын сергітіп, жеміс-жидектің түрлерімен таныс болды. Осындай көңілді шараларды көптеп ұйымдастыратын тәрбиеленушілерді мамандығына ғашық тәрбиешілер құры алады.

Бұл – білім мен ортаға бейімделудің тірегі. Мұндағы тәрбиешілер ұжымының бүгінде жеткен жетістіктері көп. Атап айтсақ, Қазақстан халқының бірлігі күніне орай өткізілген «Достық бекеті» облыстық байқауының аудандық кезеңінде балабақша тәрбиеленушісі Әмина Бибітжан жүлделі III орын иеленген. Сондай-ақ «Жеті Өнер» VI Халықаралық шығармашылық фестиваль-конкурсының 2021-2022 оқу жылындағы іріктеу кезеңінен сүрінбей өтіп, еліміздің барлық өңі-



рінен жиналған кіл мықтылар арасында сайысқа түскен. Бақытты балалар мекені Жаңа Қазақстанды өркендетуге өнері мен білімін арнайтын дара талант иесі, «Зейнеп» балабақшасының тәрбиеленушісі Ақниет Досбол арнайы «Эстрадалық ән салу өнері» номинациясына иеленген. Бұдан бөлек мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиеленушілері арасында «Бақытты балалық шақ» қашықтан аудандық

бейнеролик байқауында Алуа Ғабит «Дарынды бала» номинациясымен марапатталған. Сондай-ақ «Ата Заңым – айбарым» атты аудандық патриоттық әндер байқауында Еркеназ Союзбек арнайы марапатталған.

«Зейнеп» балабақшасының құрылтайшысы, ізденімпаз, іскер басшы Еркебулан Мүшелбаев балалардың жан-жақты, үйлесімді тұлға болып қалыптасуларына барынша жағдай жасауға тырысатынын айтады. Ба-

лабақшадан ұшқан түлектердің алды бүгінгі таңда мектепте білім алуда. Тәуелсіз еліміздің бақытты балдырғандарына білім мен тәрбие беру жолында балабақша ұжымы жаса та болса қажырлы еңбек етіп, бір-шама жетістіктерге қол жеткізген. Балалардың саылы да сиқырлы мекеніне айналған секіме балалар үшін қашан да қымбат әрі жақын болары анық.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

## Брифинг

Елімізде 2018 жылдан бері аз қамтылған отбасыларға «мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек» деп аталатын жәрдемақы тағайындалып келеді. Халық арасында атаулы әлеуметтік көмекке қатысты сұрақтар көп екені белгілі. Соның ішінде әлеуметтік желіде желдей ескен жалған ақпараттың салдарынан жұртшылық мәселенің анық-қанығын түсінбей жатады. Осы орайда біз маңызды тақырыпқа қатысты арнайы маманнан нақты жауап алған болатымыз. Отбасы мүшелерінің еңбекке қабілеттілігіне қарай атаулы әлеуметтік көмек бойынша негізінен аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі айналысады. БАҚ өкілдерімен өткен брифингте бөлім басшысы Қанат Бөленбаев бірқатар сауалдың түйінін тарқатты.



## Жемқорлықпен күрес — ортақ парыз

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауларында сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселесін назардан тыс қалдырған емес. Олай жасайтындай реті бар, себебі дамыған елдер қатарына қосылуды мақсат еткен ел алдымен қоғам дертімен күрес шараларын ұдайы жүргізуі тиіс. Оны жүзеге асыру — тек қуырлы орган өкілдерінің ғана емес, барша отандасқа ортақ парыз.

Иә, сыбайлас жемқорлық кез келген салада серпін қалыптастыруға кері әсерін тигізетіні айтпаса да анық. Сондықтан онымен күресте сала қызметкерлері мен бөлім басшылары да белсенді болуы тиіс. Аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінде де өзіннің төрағалығымен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оған қарсы көзқарас қалыптастыру мақсатында дөңгелек үстелдер мен басқосулар өтеді.

Менің түсінігімде кез келген салада осындай жиындар өтуі тиіс. Себебі мемлекет дамуына кері әсерін тигізетін қоғам дертіне қарсы шараларда жұмыла жұмыс жасауға тиіспіз.

Жаңа сөз басында оның зияны мен зардабын айттық, расында кез келген салада оның орын алмағаны абзал. Әсіресе құрылыс саласында сыбайлас жемқорлық мүлде көрініс таппауы тиіс. Өйткені кез келген өңірде салынып жатқан нысандардың игілігін халық көруі тиіс. Ал елдің ертеңіне өткен еңбекте сапа болуы үшін алдымен сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейткен абзал.

Танат Доспанов,  
аудандық құрылыс,  
сәулет және қала құрылысы  
бөлімінің басшысы

## АӘК: 224 отбасыға берілді

Тілшілердің бірқатар сауалын жауапсыз қалдырмаған спикер брифингте мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек мөлшері қалай есептелетінін де түсіндірді.

— Атаулы әлеуметтік көмек кірісі төмен отбасыларға беріледі. Яғни отбасының жан басына шаққандағы кірісі ең төменгі күнкөрістің 70 пайызынан төмен болуы тиіс. Ең төменгі күнкөрістің 70 пайызы — бұл кедейшілік шегі. Яғни, атаулы әлеуметтік көмек мөлшері кедейшілік шегі мен отбасының әрбір мүшесіне шаққандағы кірістің айырмасы арқылы анықталады. Атаулы әлеуметтік көмек алу үшін бір ғана құжат, яғни, өтініш керек. Бірақ егер жұмыспен қамту орталығындағы ақпараттық жүйеде арыз беруші туралы мәліметтер анықталмаса, онда қосымша ақпарат ұсынуға міндетті, — деді ол брифинг барысында.

Спикер былтыр аудан бойынша қыркүйек айына дейін 305 отбасының 1813 адамына атаулы әлеуметтік көмек берілгенін айтады. Ал быыл қыркүйек айына дейін 224 отбасының 1311 адамы атаулы әлеуметтік көмекке қол жеткізген.

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек — бұл шартсыз және шартты ақшалай көмек түрінде айлық та-

бысы кедейлік шегінен төмен жеке тұлғаларға мемлекет тарапынан ақшалай нысандағы төлем. Шартсыз ақшалай көмек жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысу мүмкіндіктері шектелуі табысы аз адамдарға, оның ішінде отбасыларға көрсетіледі. Нақтырақ айтсақ, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына қатысуға мүмкіндігі шектелуі жалғызділікті және жалғыз тұратын кірісі аз адамдарға, зейнеткерлік жасқа толуына, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігіне, екі айдан астам еңбекке уақытша қабілетсіздік мерзімі белгіленуі мүмкін ауруының болуына байланысты, сондай-ақ құрамында еңбекке қабілетті адамдары жоқ немесе еңбекке қабілетті жалғыз мүшесі үш жасқа дейінгі балаға, мүгедектігі бар балаға, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамға, бөденің күтіміне және көмегіне мұқтаж қартқа күтімді жүзеге асыратын кірісі аз отбасыларға көрсетіледі.

Ал шартты ақшалай көмек жалғызділікті немесе жалғыз тұратын еңбекке қабілетті табысы аз адамдарға, сондай-ақ өз құрамында еңбекке қабілетті мүшесі, оның ішінде «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» ҚР

Көдексінің 774-бабына сәйкес бірінші ретте атаулы әлеуметтік көмек табысы аз болып табылмайтын адамдарға немесе отбасыларға, еңбекке қабілетті мүшесі жұмыспен қамту шараларына қатысқан кезде немесе әлеуметтік бейімдеу және болған кезде әй сайынғы төлемдер түрінде көрсетіледі.

Қызылорда облысы бойынша 2023 жылдың II тоқсанындағы күнкөрістің ең төменгі деңгейі мен III тоқсанға кедейлік шегінің мөлшері «Кедейшілік шегінің мөлшерін айқындау туралы» ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2017 жылғы №31 тағамдығы №290 бұйрығына сәйкес ҚР бойынша кедейлік шегі 2020 жылдың 1 сәуірінде бастап атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70 пайызы мөлшерінде айқындалады.

ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің есептеген 2023 жылдың II тоқсанындағы күнкөрістің ең төменгі дейгейінің шамасы Қызылорда облысы бойынша 43 477 теңгені құрады. 2023 жылғы III тоқсанға кедейлік шегінің мөлшері 30 434 теңге болды.

Осы ретте Қ.Бөленбаев атаулы әлеуметтік көмек тағайындаудан қалай бас тартуға болатынын және көмекті кім алмайтынын айтып берді.

Жандос ЖАЗКЕН

## Бәрекеді!

## Өнері өрелі өрендер

«Алтын-Арай» халық ән-би ансамблінің бишілері әдемі би ырғағымен, талғамы биік, ерекше би қозғалысымен халықтың ықыласына бөленіп келеді. Бүгінге дейін де талай байқаулар мен фестивальдерде топ жарған ансамбль өкілдері жақында ғана маңғаз Маңғыстауда өткен «Біз — күн перзентіміз» атты халықаралық балалар шығармашылығы фестиваліне қатысып, II орынды қанжығасына байлап қайтты.

Би дегеніміз жәй ғана әуен мен ырғаққа ілесе қозғалу емес. Бұл — тұтастай бір ұлттың мәдениеті мен дәстүрі. Осы салада шәкірт тәрбиеленгеніне 20 жылдан асқан ұстазымыз Үміт Айтқұлова да халық үшін би өнерінің орны ерекше екенін айтып өтті.

Халқымызда бұрыннан қошеметке ие би өнері — сезім мен нәзіктікті жеткізуші өнер. Көрерменге айтар ақпаратты би тілімен көрсету үшін өнерпаздың тұма дарыны, ерекше табиғи қабілеті болуы шарт. Музыкалық ырғаққа сай қозғалыстар арқылы мың бұралған сәнүрлі образдарды бейнелеуге тырысады.

Жалпы бұл өнерде әдемі би мен өлеңді музыканың негізі — шабыт пен импровизация. Осы екеуін қатар алып жүрген, би өнерінде 25 жылдық тәжірибесі бар, 200-ге жуық оқушы тәрбиеленген «Алтын-Арай» ән-би ансамблінің жетекшісі Үміт Әшімқызымен Маңғыстауда өткен байқау жайында сұхбаттасқан болатымыз. Бұндай халықаралық деңгейдегі жарыстар оңай болмайды екен.

Бұл байқауға алдымен шақырту жіберіледі. Халықаралық байқауға алған шақыртуды ансамбль жетекшісі түрлі облыстық, республикалық, халықаралық жарыстардағы алған жүлделерімен байланыстырады. Себебі шақырту тек халықаралық байқауларда өнер көрсетіп жүрген өнерпаздарға ғана жіберіледі екен.

Атап айтар болсақ, «Алтын-Арай» би ансамблі осыған дейін облыстық «Таңшолпан», «Дельфин ойындары», «Ұлы дала ернекітері», «Биле-биле», «Ботақан» байқауларында бас жүлде, I орын иеленген. Республикалық, халықаралық «Аманат», «Жеті өнер», байқауларында I орын алған. Сонымен қатар Алматы қаласында өткен «Бозторғай» халықаралық балалар шығармашылығы байқауында I орын иеленген. Ташкент қаласында өткен халықаралық «Ташкентті сүйеміз» атты байқауда шәкірті Әсел Айдоқсызы бас жүлдені жеңіп алды. Осы жүлделердің арқасында Маңғаз Маңғыстауда өткен байқауға жолдама алған.

— 2023 жылдың 7-11 қыркүйек аралығында Ақтау қаласында балалар шығармашылығына арналған «Біз — күн перзентіміз» атты халықаралық фестиваль-конкурсы өткізіліп, оған Армения, Азербайжан, Болгария, Грузия және Қазақстаннан балалар қатысып, түрлі жанрда өнер көрсетті. Қатысатын би ансамбльдер өте мықты дайындықпен келді. Ансамбльдерді көргенде шамалы көңіліміз түсіп, уайымдал қалдық, қаншама жерден жол тартып келгенде қалай болар екен деп уайымдағанымыз тағы бар. Конкурстар болардан бір күн бұрын байқау ұйымдастырушылары бізге дайындалатын би залына көмектесті. Қыздар күні бойы дайындалып, нақтылап, биді қайта қюға тура келді. Өйткені екі күн жолда жүргенде ұмытылып қалған



қанша дегенмен балалар ғой. Әр қимылын тазалап, қыздарды орнына қойдық. Қыздар жаз бойы демалмай, қыдырмай күнделікті дайындық жасағанының арқасында осы жоғары нәтижеге жетіп отыр. Өнерпаздарға Ақтау қаласына облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығының Музыка және балалар бөлімінің меңгерушісі Бағдауал Есмұраева жетекшілік етті. Осы байқауға баруыма қолдау білдірген бишілердің ата-аналарына, аудандық мәдениет және спорт бөлімінің басшысы Ш.Қалыбаеваға, сектор меңгерушісі Б.Дүйсенбиеваға, Қ.Қазантас атындағы мәдениет үйінің басшысы Е.Әбуовке алғыс білдіремін, — деді Үміт Әшімқызы.

Қазіргі уақытта ұстаздың қарамағында бізге қатысатын 50-ге жуық оқушы бар. Осыған дейінгі тәрбиеленген шәкірттердің ішінде ұстаздық етіп жүргендер де бар. Мысалы, Жалағаш музыкалық мектебінде Үсейін Айбарша хореограф би ұстазы қызметін атқарады. Руханият орталығында хореограф қызметін Алтынбек

Манзура атқарады. №202 орта мектеп хореографы Әбділахат Назым, Қызылорда қаласындағы «Томирис би» ансамблінде Досманова Айдана мен Алматы қаласында «Балалар» би ансамблінің жетекшісі Сабитова Айда сияқты Үміт Әшімқызының шәкірттері қазіргі таңда ұстаздың жолын қып, хореограф қызметінде өздері де шәкірт тәрбиелеп жүр.

Алдағы уақытта ансамбль қыздары Қырғызстан елінедегі халықаралық байқауға шақырту алған. Сол байқауға қызу дайындық үстінде. Сондай-ақ облыс, аудан көлеміндегі мәдени шараларға қатысуды да жоспарлап отыр. Би өнері жас баланың бойына әр ұлттың төл рухани мәдениетін салт-дәстүрін, өдет-ғұрпын дарытады. Осындай игі қасиеттерді бойға сіңірген тұлғаның өз елінің ғана патриоты емес, өзге елдің де қазынасын құрметтей алатын әрі еркеніеттің көшіне ілесе алатыны сөзсіз. Ұлы өнерді дәріптеп жүрген жерлестеріміздің әлі алар асуы алда.

Ақнұр БОЛАТҚЫЗЫ

## Хабарландыру

Аудан көлеміндегі егін шаруашылығымен айналысатын шаруашылықтар, балық шаруашылығы, су тоғандары бекітілген табиғат пайдаланушылармен бірлесіп, күршіткі алқаптарда және су жүйелерінде (қашыртық, каналдар) қалған балық шабақтарын құтқару жұмыстары басталғанын хабарлайды.

Жалағаш аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі

ЖОБА

## Жалағаш ауданы бойынша шетелдіктер үшін 2023 жылға арналған туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-10 тармағына және «Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 14 шілдедегі №181 бұйрығына сәйкес, Жалағаш аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2023 жылға туристерді орналастыру орындарындағы шетелдіктер үшін туристік жарна мөлшерлемелері айлық есептік көрсеткіштің 0,2 (нөл бүтін оннан екі) мөлшерінде бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы

Т.А.Ә.

ПРОЕКТ

## Об утверждении ставок туристского взноса для иностранцев на 2023 год по Жалагашскому району

В соответствии с пунктом 2-10 статьи 6 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» и приказом Министра культуры и спорта Республики Казахстан от 14 июля 2023 года № 181 «Об утверждении Правил уплаты туристского взноса для иностранцев» Жалагашский районный маслихат РЕШИЛ:

1. Утвердить ставки туристского взноса для иностранцев в местах размещения туристского на 2023 год в размере 0,2 (ноль целых две десятых) месячного расчетного показателя.

2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Должность

Ф.И.О

## Балық пен аң аулауда сақ болыңыз

Көп немесе өзен жағалауынан балық аулауға кірісер алдында таңдалған жерді мұқият қарап, оның қауіпсіздік дәрежесін анықтау қажет. Ең алдымен жағадан үшкір тастарды, тікенекті бұтақтарды және басқа да қауіп келтіруі мүмкін заттарды алып тастаңыз. Содан кейін балық аулауға арналған құралдарды орын-орнына қойып, қармақпен балық аулағанда көдергі келтірмейтініне көз жеткізіңіз. Қопарылған және тік жағалаулардың жанында ерекше сақ болу керек. Сазды жағалаулар, әсіресе жаңбырдан кейін тайғақ болады, сол себепті тайғанап, суға түсіп кетуіңіз мүмкін.

Егер сіз қайықтан балық аулауды дұрыс көрсеніз, ең бастысы жүзе білгеніңіз абзал. Бұл іс-әрекет сізге өзіңізді сақтап қалуға, тіпті ең қиын, күтпеген жағдайларда досыңызды құтқаруға көмектеседі.

Су айдынына шығар алдында қайықтың жай-күйін мұқият тексеріп, ескерткі ақаусыз екеніне көз жеткізіңіз. Балық аулауға арналған құралдарды қайықтың жанына салыңыз, ал басқа заттарды (киімді, сөмкені, дорбаны) қайықтың мұрын жағына және орындықтың астына орналастырыңыз. Міндетті түрде

қайыққа құтқару шеңбері, немесе құтқару кеудешесі және су жинауға арналған шелек немесе басқа да ыдыстар болуы керек.

Сонымен қатар аңшылық тек арнайы рұқсат құжаттары бар шаруашылықтардың аумағында жүргізілуі тиіс. Әрбір аңшының аң аулау ережесін, өрт қауіпсіздігін қатаң сақтауы керектігін естеріңізге саламыз.

Суда жүзетін құстар мен су маңы жануарларының өзгеше мінез-құлқы танытуы немесе жаппай қырылуы байқалса, бірден қорық қызметіне,

болмаса аудандық, облыстық аңшылық шаруашылығына шұғыл түрде хабарлау қажет. Өйткені қоршаған ортаны қорғау — әркімнің азаматтық борышы.

Аң аулау рұқсат қағазды аңшылық шаруашылықтары береді және өзге шаруашылықтардың аумағына кіруге немесе мерзімі аяқталған жолдамамен аңшылыққа шығуға, құжатты өзге тұлғаларға беруге тыйым салынады.

Тағы бір ескеру кететін жайт, тұяқты жануарларды аулау шыққан кезде аңшылық, шаруашылық қорықшысымен бірге жүру міндетті.

Аң аулау тәртібі туралы ақпаратты аңшылар қоғамынан және аңшылық шаруашылықтарынан алуға болады. Қай кезде де қауіпсіздікті бірінші орынға қойған абзал. Себебі қауіпсіздік ережесін білу арқылы сіз өзіңізге және жақындарыңызға төнген қауіптің алдын аласыз. Сақтансаң, сақтайтынын қаперден шығармайық. Әсіресе балық және аң аулауда қауіпсіздік берінен маңызды, осы қаперде болсың.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі



## Байқау

# Батаменен ел көгерер

Елді бірлікке шақырған Құнанбай 1874 жылы ауылдан мешіт салыпты. Сонда жиналған қауымға: – Халқым, Меккеге барғым келеді, Мұсылманның бесінші парызын орындау еді бар мақсат, – дейді. Шығыстағы ағайын оның бұл ойын құп көріп, батасын береді ғой. Елдің ықыласына кенелген Құнанбай сапарға қамданып жатқанда қалың бұқараның арасынан «Әй Құнанбай» деген дауыс құлағына жетеді.

– Әй Құнанбай, Меккеге барамын дейсің, талабың оң болсын, бірақ обал деген болады, сауап деген болады. Жасаған сауабыңды алып бара жатқан боларсың, ал обалыңды кімге тастап барарсың, – дейді ғой бұқараның ішіндегі біреуі.

Сонда көптің ішінен баласы Абай суырылып шығып: – Оны мен өз мойныма аламын, – дейді. Соңына 20 байдды ертіп, Ибраһимнің әкесі алыс сапарға аттана беріпті. Жолай игі жақсылар сапарға қосыла кетеді. Меккеге бара жатқандар Тобықтының Жігітек аталығынан шыққан Кеңгірбай бидің нөмересі Бөкейдің асына аялдауды жөн көреді.

Ел басқару ісіне ерте араласқан Бөкейдің бұрын Құнанбайдың қамқорлығында болғанын қалың оқырман біле бермеуі мүмкін. Алайда 1846 жылы жер дауына байланысты екеуінің арасы ажыраған еді. Біразға дейін бастары алқалы жиндарда қосылмаса керек, кейін Құнанбай Айғыздан туған қызын Бөкейдің бауырына салыпты. Бірақ қызы да, қасына ертен күні де өмірден өтіп, арадағы дау қайта өршиді ғой.

Осы аралықта Құнанбайдың үстінен қылмыстық іс қозғалады. Сол тұста Бөкей кенттен дүниесін салып, арадағы жанжал басылғанда болады. Әйтсе де Қаратай Сапақов пен Кенжалы Әйтиевтер тоқтаған дауды қайта қаулап, болысты екіге бөледі сұрайды. Бөкейдің балалары Жабай мен Нұрмолда ескери губернатор Колпаковскийге екі екімен мұраға қалған Тоқпанбет қорығын қайтарып алу жөнінде шағымданады. Бұл арыз кейін қолдауға ие болды. 1866 жылы Күшік-Тобықты болысының басқарушысы Құдайберді дұниесін салып, орнына Абай болыс болып сайланады. Арада 20 жылдан бері басылмаған даудың Абай әділ шешімін тауыпты деген дерек бар.

Арадағы жанжалдан кейін Құнанбай Бөкейдің шаңырағына Меккеге бара жатқанда асына бір-ақ аялдапты. Сапарластар аткеліктерін байлап жатқанда Бөкейдің адуынды бейбітшісі: – Мына қақпастың есіне ағасы бүгін түскен бе, – деп дүрсе қоя

береді. Сапарластар төрге жайғасып, бата оқылып бола бергенде Бөкейдің бейбітшісі жоқтай жөнеледі.

«Атағы зор Құнанбай, Өрісі ұзақ құланды, Қаһарланса халыққа, Қара шұбар жыланды. Былтыр өлген Бөкейге, Биыл келіп бата оқып, Не қылғаның ұялмай» дегенді жоқтауына қосады ғой.

Сонда Құнанбай: – Соға берме көмейді, Өлген қайтып келмейді. Алтын сүйек Бөкейді, Ұрлап көміп отырып, Мына сайқал не дейді, – деп жантая кеткен екен.

Астан шыққан сапарластар қайта жолға шығып, Жалағаштың үстінен өтеді. Оларға Жалағаштан Аппаз, Мырқы, Досжан бастаған жүз бай қосылады. Осылайша 120 бай Меккеге барыпты. Меккеде ақүйтіп, жылқыны байлап, қойды отарлапты. Сонда елден барғандар тіккен ақүйлер бір кішігірім қалашықтай сырт көзге көрініс береді. Ондағылар көруге келсе, кілең ішін киіздел тастаған саптама етік, шапаң белдік, бастарында бөрік, кілең байлар шайқатылып жүр екен. Сонда Құнанбай: – Біздің тіріміздің билігі – алдыра уранды төреде, өліміздің билігі – Алла уранды қожада, Қазақ деген халық боламыз, – дейді.

Олар бұған дейін қазақ деген халықты білмейді екен. Меккедегілердің бірі: – Бүлінбеген таланбаған кітаптар бар Бағдатта, мүмкін шежіресі болса, сонда табылып қалар, – дейді. Барса шежіре табыла кетіпті. Арабша қара сөзбен жазылған шежіреде қазақ деген елдің бары тайға таңба басқандай көрініс тапқан. Біздікілер Бағдаттан келгеннен кейін: – Енді білісіп жатырмыз бұған дейін де көлгендер болған шығар, өлген елі де келетіндер болар, бізге мешіт пен қоңақ үй салатын жер берілген, – дейді.

Олар бұл ұсынысты құтпайды, сонда Құнанбай құрығанда өгіздің терісіндей жер беруін сұрайды. Олар сынамақ болып, сиырдың терісін ортаға тастайды, жайып жіберіп, ай-



налдыра сызып, ортасына қазығын қағып, теріні айналдыра тіліп-тіліп, біраз жер алады, сол жерге мешіт сала бастайды, құрылыс орта шеніне барғанда қазының түбі көрініп, Құнанбай қайта қаражат жинауға айналғанына ақыл тастайды. Сонда Жалағаштан өрген Досжан – Құнанбай, сен қаражат жинама, үйден менің шапанымды алдырайық, – депті.

– Досеке, сенің шапанымды не істеймін, – дейді ғой, әңгімені аяғына дейін тындамаған Құнанбай.

Досжан шапанды алдырып, ортаға қойып: – Осы шапанның бір жеңін ала ғой, қосқаның өрі бергенім болсын, – дейді. Сөйтсе шапанның сырты мата болғанымен іші тұтастай алтын екен. Құнанбай: – Біздің бүкіл жинап жүрген дүниеміз Досекеңнің бір жеңіне тағымады ғой, – деген екен.

Не керек, құрылысты аяқтап, 1876 жылы елге қайтады. Кейін әлгі шежіре жер-жерге таралады. Соның бір данасы Өмірқұл Қайқының баласы Бекжан ақсақалдың қолына тиеді. Бекжан ақсақал шежірені Шонбай ақынға тапсырып: – Әй Шонбай, сенің сөзіңнің желі бар, тіліңнің ебі бар, осы шежірені өлеңмен жазсаң, кейінгі жастар оқып біледі ғой, – деген екен.

«...Домбыра жастан қолға алып едім, Көз көрген көп жерлерге мәлім едім. Қарайтын облысым Қызылорда, Жалағаш ауданының Табыны едім. Есенбай тайпасынан атым – Шонбай, Жиналған жиың, тойдың сауығы едім.

Құнанбай, Мырқы, Сардар, Досжан Қазірет, Меккеден келген екен шежіре алып. Сараппен салыстырып қарағанда, Осыны өз көзіммен көрдім танып. Берген соң «шежіренің дұрысы» деп, Қайқының Бекжанынан алып едім. Кейінгі жастар оқып жүре ме деп, Аударып өлең сөзбен жазып едім» деп бастайды Шонбай ақын бұл шығармасын.

Шонбай ақынның Отызбай деген арбақшесі інісі болған. Сол інісінің баласы Тойман ақсақал осындай мағыналы өңгіме айтты көшегі батагөйлер байқауында.

Шараның ашылу салтанатында аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев бүгінгі байқаудың маңыздылығына тоқталып, батаның қазақ қоғамындағы рөлін ерекше атап өтті.

– Аққұм ауылында үлкен бір шара аясында бас қосып отырмыз. Аудандық ардагерлер кеңесі үлкен шараларды аудан көлемінде өзі деңгейінде өткізіп келеді. Соның бірі де бірегейі – бүгінгі батагөйлер байқауы. Батаның маңыздылығын айтпаса да өздеріңіз жақсы білесіздер. Жалпы қазақ қай істі қолға аларда батасыз бастамаған. Көнеден келе жатқан бұл дәстүрді жастарға өсиет етуде бүгінгі шараның маңызы зор деп есептеймін. Аққұм ауылдық мәдениет үйінің шараны жоғары деңгейде өткізуде үлкен дайындық жасағанын

көріп отырмыз. Барша қатысушы ақсақалдарға сәттілік тілеймін, бүгінгі берілген баталар қабыл болып, еліміз өркендеп, аймағымыз елдің алды болып, ауданның әлеуеті арта берсін, – деді Садық Әлиев.

Ақсақалдар бүгінгі байқауда екі кезең бойынша бақ сынады. Алдымен олар наурыз бата, екі жасқа бата, шаңыраққа бата, асқа бата, сапар бата секілді өздеріне берілген ұсынғыс бойынша бата берсе, келесі кезеңде нөмересі бата берді.

Расында бүгінгі шараның маңыздылығы жоғары және қатысушылар байқаудың тақырыбын аша түскендей болды. Ақсақалдардың бата беруде сүрінбесі анық, нөмерелері бата беруде өздерінен аспаса, кем түскен жоқ. Десе де жарыс болған соң бір озып енді бірінің өтпеген-ай дейтін кезі тағы бар. Байқаудағы қатысушылар өнерін Кенжеғара Сүлейменов ағамыз бастаған қазылар алқасы бағалап, ардагерлер мен нөмерелеріне арнайы дипломдар мен бағалы сыйлықтар, арнайы жүлделер және алғыс хаттар табысталады.

Қорытындысында I орынға Аққұм ауылының абыз ақсақалы Байділде Сарсенов атамның мен оның нөмересі лайық деп танылды. Расында ауыл ардагері бұл байқауға тыңғылықты дайындықпен келген. Нөмересі де бата беруде бір мүдірген жоқ. Ақсақалға 50 мың теңге қаржылай сыйақы мен арнайы диплом берілсе, нөмересі

де бағалы сыйлықтан құр қалмады.

Екінші орын Ақсу ауылынан келген Марат Алдабергеновтың бұйырды. Шараға нөмересін ерте келген қария да салт-дәстүрді жаңғыртуда аянып қалмады. Байқауда үздік үштікті Еңбек ауылынан келген Жанымқұл Есімова әжеміз бен Мөрелі Шәменов ауылынан келген Тойман Отызбаев ақсақал түйіндеді. Ал «Темірбек Жүргенов» атындағы арнайы жүлде қоғам қайраткері атындағы ауылдан келген Төлеміс Бектаев атамның лайық деп танылды. Сондай-ақ «Сұлтанмахмұт Торайғыров» атындағы тағы бір арнайы жүлде салғандағы Жаңадария ауылынан келген Сапабек Тұрмахановқа бұйырды.

Басқа да қатысушыларға алғыс хаттар мен бағалы сыйлықтар табысталады. Салт-дәстүріміздің қайта жаңғыруына ықпал етіп, байқауға аудандық ардагерлер кеңесі, жеке кәсіпкер Сардар Әлмешұлы, «Бірлік» шаруа қожалығының төрағасы Ғабит Бекенов, жеке кәсіпкер Айбек Сапаев аудандық мәслихат депутаты Қайрат Досымов демеушілік жасады. Шара соңында Сардар Әлмешұлы көрермендер мен барша қатысушыларға батаға және батада айтылатын сөздердің мағынасына қатысты сауалдар тастап, түйінін тарқатқандарға тарихи туындылар сыйға тартты.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

# Кітап оқып жүрсіз бе?

Аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі жан-жақты ақпаратқа және білімге оқырмандардың жедел қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып, қызмет көрсететін ақпараттық орталыққа айналған. Кітапхананың баға жетпес бай кітап қоры көптеген еңбектердің бастау бұлағына айналып, тәуелсіз мемлекетіміздің рухани кемелдікке жетуіне салмақты үлес қосуда.

Ойын ойнаған баланы кітап оқыған бала басқарады. Кітап адамға білім беріп қана қоймайды, жандүниесін рухани байытады, көрек кезде ақылшы болады. Ал қазіргі жастар кітапханаға үзбей келіп, қаншалықты жиі кітап оқиды?

Ауданның құрылуымен тұтас негізі қаланған орталық кітапхана қазіргі кезде оқырмандармен күнделікті жұмыс жасайды. Ондағы кітап қоры 69 800 дананы құрайды. Оның 30 мыңға жуығы – қазақ тіліндегі кітаптар. Сонымен бірге онда 2016 жылдан бері «Мобильді кітапхана» жүйесі жұмыс жасап келеді. Яғни көз көлген кітап түрін кітапхана сайтына кіріп, электронды түрде алуға болады.

2019 жылы «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында аудандық кітапхана ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген. Аудан кітапханасының дәл осылай оқырмандарға ыңғайлы күйде, қолжетімді болғанын қуанады. Атап өтетін жайт қазіргі кезде кітапхана тек қана кітап оқитын орын ғана болып шектелмеген. Онда арнайы ағылшын тілінен, орыс тілінен үйірмелер ашылған. Үйірме оқушыларға ыңғайлы болсын деп аптасына екі күнге, екі мезгілге қойылған. Сонымен қатар интернет желісі орнатылып, оқырмандар интернетті шексіз пайдалана алады. Сонымен қатар кітапханада электронды зал бар. Оның іші компьютер құрылғыларымен қамта-


масыз етілген. Жастарға барынша білім алуға, басқа да жұмыс жасауға қолайлы орын деуге болады.

– Қазіргі кезде кітапхананы тек кітап оқитын орын деп қарастыруға болмайды. Біздің кітапханамызда оқырмандар білім алумен қатар шараларға, арнайы ашылған үйірмелерге қатыса алады. Кітапханамызда ірі жобалар ұйымдастырылып тұрады. Жақында ғана тілдер мекресіне орай өткен «Тіл – халық мұрасы» атты мектеп аралық білімдер сайысын атап өткіміз келіп тұрды. Мектеп оқушылары арасында болған бұл сайыс тартысты, өте жоғары деңгейде өтті. Сонымен бірге қазіргі уақытта Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына орай көптеген көрмелер мен шаралар да ұйымдастырып жатырмыз. Бұл шараларға өзіміздің тұрақты оқырмандар да қатысып жатыр. Сонымен қатар кітап авторының ұсынысымен кітаптардың тұсаукесер рәсімі де болып тұрады. Қазіргі жастарымызды кітап оқуға баулу, оқырмандар санын арттыру мақсатында жаңа келген әдебиеттерді мекемелер аралап, таныстырып шығамыз. Қазіргі таңда жастар ресурстық орталығымен қосылып, жастар арасында оқырмандар клубы ашылған. Гүлжанат Жақсылыққызының жетекшілігімен айына бір-екі іс-шарадан болып тұрады. Қазір заманға сәйкес көп жастарымыз әлеуметтік желіде отырады, бар көрініс сол жерден алғанды дұрыс санайды. Біз де әлеуметтік желіні дамытып, оқырмандармен байланыс орнатуға тырысамыз, – дейді оқырмандар бөлімінің меңгерушісі Анар Жүсіпбекқызы.

Аудандық кітапхана Ұлмекен Меңдібаева басшылық жасап келген уақыттан бері үлкен өзгерістерден өтіп, оқырмандар саны артты. Ең үлкен өзгеріс деп кітапханадағы «Coworking» орталығын айтсақ болады. Бұл орталықтың ашылуы – кітапхананың қызмет көрсету деңгейін еуропалық деңгейдегі кітапхана ретінде көрсетеді. Бұнымен шектеліп қоймай, аудан көшелерінде «Көше кітапханасының» да ашылуына жағдай жасап, түсік үзіліссіз, демалысыз жұмыс жасайтын орын ретінде қалыптастырған. Бұл жерден аудан тұрғындары қалаған кітабынан алып оқи алады.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының басым бағыты – «Цифрлы Қазақстан» жобасы. Осы орайда аудандық кітапханада «РАБИС» бағдарламасының «Каталогизатор» модулі бойынша жұмыс атқарылып жатыр. Оның мәні – кітаптардың библиографиялық сипаттарын жүйеге енгізіп, әдебиеттерді электронды каталогқа құю. Яғни кітапхана сайтынан да өзіңе қажетті кітаптарды алып қарап, оқуға мүмкіндік.

Арнайы кітапханалық автоматтандырылған бағдарламамен сұранысты қолжетімділігін қамтамасыз ету және ауыл тұрғындарына сапалы кітапханалық-ақпараттық қызмет көрсету – бұл кітапхананың басты мақсаты. Осы қызметтерді көрсету аясында ұлттық-рухани құндылықтарды, жеке тұлғалардың өмір жолын таныстырып, жас ұрпаққа кеңінен насихаттап, кітапхана мен оқырманды, оқырманмен белгілі, танымал тұлғалар арасын



байланыстыру мақсатында көптеген шаралар ұйымдастырылуда. Аудандық кітапхана – аудандағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесі. Яғни аудандағы және ауылдардағы кітапханаларға жауапты. Айтпақшы жайт ауыл кітапханаларында да заман ағымына сай үлкен өзгерістер болған. Еуропалық үлгідегі «Coworking» орталығы да осы ауыл кітапханаларынан ерекше орын алған. Сонымен қатар онлайн кітапхана ретінде жұмыс жасайды.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, артық білім кітапта, ерінбей оқып көруге. Телефоннан, ғаламтордан алған білім жақсы, ал кітаптан алған білім одан да жақсы. Жастар арасында оқырмандар санын көбейту үшін оқырман клубтарының қызметін дамыту керек секілді. Сол арқылы жастардың кітап оқуға деген қызығушылығын ашуға болады.

Ақнұр АЛТЫНБЕК

Меншік иесі:  
**СЫР МЕДИА**  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор  
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ  
Жалағаш аудандық  
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы  
Бас редактор  
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:  
Бас директор - 8(7242) 70-00-36  
Бас редактор - 32-0-41  
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.  
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.  
Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.  
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.  
Тел.: 8(7242) 40-06-68.  
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөміс 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.  
Таралымы 2840 Тапсырыс № 1466